

НҮКТЕ

Нүкте жарнама мәтіндерінде хабарлы сөйлемдерден және екпінсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін қойылады: *Қазір үйіңізге ақша жинауды бастап 3,5%-дан (ЖТСМ 3,6%-дан) ең тиімді ставкалар бойынша ипотека алыңыз. Бұл бәрі емес, бірегей бағдарламамен мемлекет 138 000 теңгеге дейінгі мөлшерде сыйлықақы төлейді. Мемлекет сыйлықақысының мөлшері – 200 АЕК-тен аспайтын бір жылдағы жинақ сомасының 20%. Егер сіз жыл соңына дейін 200 АЕК жинаған болсаңыз сізге сыйлықақының ең көп сомасы есептеледі. Бұл бірегей мүмкіндікті жіберіп алмаңыз. Сіз жинақтауды бастайсыз, ал Мемлекет пен Отбасы Банкі сізді қолдайды. Лаванда майы, көптеген басқа эфир майлары сияқты - керемет пайдалы және жан-жақты құрал. Косметологияда үлкен құндылыққа ие және тұтынушылардың арасында жоғары сұранысқа ие. Лаванда майы теріні терең нәрлендіріп, көз айналасындағы теріні жақсартады. «Айсауле» фирмасындағы бұл косметика көз айналасындағы мимикалық әжімдер мен ұсақ сызықтар және көз айналасындағы қатпарларды кетіруге арналған.*